

**«Аспаптану (халық аспаптары)» пәні бойынша  
Педагогтердің білімін бағалауға арналған  
тест спецификациясы**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Тест мазмұны:** «02150100 - Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша)» мамандығы 4S02150103 - Халық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы біліктілігі бойынша «Аспаптану (халық аспаптары)» пәнінен педагогтерді аттестаттауға арналған тест.

| №                                                                                                    | Тақырып                                                       | №  | Тақырыпша                                                                                                                                |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 01                                                                                                   | Халық аспаптар оркестрі                                       | 01 | Халық аспаптар оркестрінің құрылымы                                                                                                      |
|                                                                                                      |                                                               | 02 | Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінің шығу тарихы                                                |
|                                                                                                      |                                                               | 03 | «Отырар сазы» Нұрғиса Тілендиев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық фольклорлық-этнографиялық халық аспаптары оркестрінің шығу тарихы |
| 02                                                                                                   | Халық аспаптар оркестрінің ішекті-шертпелі аспаптар тобы      | 04 | Домбыра аспабы                                                                                                                           |
|                                                                                                      |                                                               | 05 | Халық аспаптары оркестріндегі домбыра түрлері (пикколо, прима, секунда, альт, шертер, тенор, бас және контрабас)                         |
|                                                                                                      |                                                               | 06 | Орыс халық аспаптар оркестрінің балалайка тобы                                                                                           |
| 03                                                                                                   | Халық аспаптар оркестріндегі үрмелі аспаптар тобы             | 07 | Қазақ халық аспаптар оркестріндегі көне үрмелі аспаптар (сыбызғы, сазсырнай)<br>Халық аспаптар оркестріндегі флейта мен гобой            |
| 04                                                                                                   | Баяндар тобы                                                  | 08 | Баян, аккардеон, гармоника                                                                                                               |
| 05                                                                                                   | Халық аспаптар оркестріндегі ұрмалы аспаптар тобы             | 09 | Қазақ халық аспаптары оркестріндегі ұрмалы аспаптар                                                                                      |
| 06                                                                                                   | Қазақ халық аспаптар оркестрінің ысқышты ыспалы аспаптар тобы | 10 | Қобыз-прима, қобыз альт, қобыз-бас, қобыз-контрабас Қыл-қобыз аспабы                                                                     |
| 07                                                                                                   | Халық аспаптар оркестріндегі қосымша аспаптар                 | 11 | Адырна, жетіген<br>Гусли, жалейка, свирель, кувикла, брелка, мүйіз сырнай (владимирский рожок), арфа, Мес қобыз, үскірік, шаңқобыз       |
| <b>Мәнмәтіндік тапсырмалар</b> (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б). |                                                               |    |                                                                                                                                          |

#### **4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:**

**Халық аспаптар оркестрі:** Қазақ және орыс халық аспаптарының құрылымы; аспаптар саны, тізбегі, партитурадағы орналасу тәртібі, аспаптандыру мәселесі, оркестрмен байланысты болып келетін этно-ғылыми үштік. Құрманғазы атындағы Қазақтың мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрінің, «Отырар сазы», Нұрғиса Тілендиев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық фольклорлық-этнографиялық халық аспаптары оркестрінің шығу тарихы мен даму кезеңдері.

**Халық аспаптар оркестрінің ішекті-шертпелі аспаптар тобы:** Домбыра аспабының шығу тарихы. Қазақстанның әр аймағындағы домбыра аспабының салыстырмалы ерекшеліктері. Домбыраның құрылымы, бұрауы, аттары, түрлері. Қазақ халық аспаптар оркестріндегі домбыра түрлері (домбыра-пикколо, домбыра-прима, домбыра-секунда, домбыра-альт, шертер, домбыра-тенор, домбыра-бас, және домбыра- контрабас); аспаптардың дыбыс бояуы, бұрауы, оркестрдегі алатын орны. Орыс халық аспаптар оркестрінің балалайка тобы: шығу тарихы, құрылымы.

**Халық аспаптар оркестріндегі үрмелі аспаптар тобы.** Қазақ халық аспаптар оркестріндегі көне үрмелі аспаптары (сыбызғы, сазсырнай); шығу тарихы, бізге жеткізген орындаушылар, аспаптың құрылымы, жасалу және ойнау спецификасы. Халық аспаптар оркестріндегі флейта мен гобойдың орны; оркестрді аспаптандыру кезінде енген аспаптар, классикалық шығармалар кезіндегі қолданысы. Аспаптардың бұрауы, құрылысы.

**Баяндар тобы.** Баян, аккардеон; құрылысы, түрлері, ойнау әдіс-тәсілдері.

**Халық оркестріндегі ұрмалы аспаптар тобы.** Халық аспаптар оркестріндегі классикалық ұрмалы аспаптары; симфониялық оркестрден енген ұрмалы аспаптар тобы, түрлері, құрылысы, дыбыс күшейткіштігі. Қазақ халық аспаптар оркестріндегі ұрмалы аспаптар; көнеден келе жатқан ұрмалы-соқпалы аспаптардың түрлері, құрылысы. Ансамбль және оркестрдегі орны. Орыс халық аспаптар оркестріндегі ұрмалы аспаптар.

**Қазақ халық аспаптар оркестрінің ысқышты аспаптар тобы.** Қыл қобыз аспабының шығу тарихы; аңыз-әңгімелер және қисса-дастандардан мысал келтіре отырып. Қобыздың құрылымы, бұрауы, аттары, түрлері. Қобыз-прима, қобыз-альт, қобыз-бас, қобыз-контрабас; аспаптардың дыбыс бояуы, бұрауы оркестрдегі алатын орны.

**Халық аспаптар оркестріндегі қосымша аспаптар.** Қосымша аспаптар туралы ақпарат (үрмелі, ішекті, ұрмалы). Адырна, жетіген аспаптарының құрылымы, ойнау тәсілі, шығармаға байланысты оркестрде орындалуы. Гусли, жалейка, свирель, кувиклы, варган, пастушеский рожок, мес қобыз, үскірік, шаңқобыз; орындалу ерекшеліктері, дыбыс бояуы, шығармаға байланысты оркестрде орындалуы.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмасын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 1-1,5 минут.

**8. Бағалау:** Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

**9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Темірғалиев Ж. «Қазақ оркестрін аспаптандыру», Алматы, 2010.
2. Сарыбаев Б. «Қазақтың музыкалық аспаптры», Алматы «Өнер», 1981 (қазақша, орысша).
3. Жәкішева З.С. «Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары», Алматы, 2009.
4. Розанов В. «Инструментоведение», Москва, 1974.
5. Чулаки М. «Инструменты симфонического оркестра», Москва, «Музыка», 1972.